

**Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 12/105-V "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 27 маусымдағы № 13/155-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 шілдеде № 4164 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 42/438-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 13.09.2019 № 42/438-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 12/105-V "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2274 болып тіркелген, 2013 жылғы 5 мамырда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің атауында, және 1-тармағында, қосымшаның атауында және қосымшадағы кестенің 4-бағанында "ставкаларын", "ставкалары" деген сөздер тиісінше "мөлшерлемелерін", "мөлшерлемері" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Облыстық мәслихат хатшысы*

*Қ.Әбдіхалық  
Қ. Балабиев*